

Көшелерді қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 қаңтарда № 7214 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 19 қыркүйектегі №1 қорытындысына сәйкес, Мәдениет ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәдениет ауылдық округінің Мәдениет ауылының келесі көшелері:

- 1) “Мектеп” көшесі “Айнаш Балғабаева” есімімен;
- 2) “8 Март” көшесі “Зарлық Қауқаев” есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәдениет ауылдық округінің әкімі

О. Абтыкалыков